

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№4/2025

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2025

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 30.12.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 30.12.2025 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhana L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 30.12.2025 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

ЖАҚСЫЛЫҚОВА К.Б.,
ҮДЕРБАЕВ А.Ж.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

АБИЛМАЖИНОВА А.Б., АХМЕТОВА М.К., ЕКЕР С.	Қазақ тілдік санасындағы «қыз ұзату» тойының репрезентациясы	7
АЙДАРБЕК Қ.Ж., ИМАНБЕРДИЕВА А.Б., ЖУНУСОВА А.С.	Қазіргі ғылыми коммуникациядағы терминологиялық элементтер	22
AKIZHANOVA D.M., SATENOVA S.K., OMAROVA A.S.	The semantics of onyms: interlingual transfer of toponyms in the Akmola region	31
ЕСИМБЕКОВА Д.Б.	Иммерсивті сөздік – кәсіби лексиканы меңгертудің заманауи құралы	44
КАНАШАЕВА Г.А., АШИРКУЛОВ К.Б., ӘШІРХАНОВА Қ.М.	Ұлттық код: «Құтадғу білік» еңбегіндегі жомарт/ақи концепті	55
КЕНЖЕХАНОВА Н.Қ., ЖЫЛҚЫБЕКҰЛЫ Б., АГАБЕКОВА Ж.А.	Көптілді академиялық ортадағы терминжасам және аударма стратегиялары: қытай және қазақ тілдері негізінде	66
КУДЕРИНОВА К.Б., ЕСКЕНДІР Ж.Е.	Сөз стилистикасы	82
МАКУЛБАЕВА А.А., БАЙДРАХМАНОВ Д.Х.	Подкасттардағы киберсленгтерге лексикалық және семантикалық талдау	92
НУРБАЕВА А.М., БАЙСЫДЫК И.Б., КУРМАШЕВА Г.Б.	Англицизмы как лингвистическое явление в рекламных слоганах казахстана: структурно-семантический и прагматический анализ	102
НУРКИНА Н.А., БАРАТОВА М.Н.	Мәшһүр Жүсіптің «Гүлшат-Шеризат» дастанындағы көнерген сөздердің мағыналық-көркемдік қызметі	114
OMARBEKOVA G.A.	Digital culture in the kazakh context: contemporary issues	124
ӨМІРЗАҚОВА А.К., ЖАҚСЫЛЫҚОВА К.Б., ҮДЕРБАЕВ А.Ж.	Қ. Сәтбаев оқу мәтініндегі қазақ өлшем атауларының этнолингвистикалық репрезентациясы	133
ТАНЕШ Б., МЕЙРАМОВА С.А., ЗАГАТОВА С.Б.	Қазақ, ағылшын тілдеріндегі паремиологиялық бірліктердің мәдени ерекшеліктері	144
ТОЛЕУКОНЫР Ж.К.	«Әке» концептісінің мағыналық құрылымы және әлеуметтік-мәдени аспектісі (М. Әуезов шығармалары бойынша)	156

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБДЫРОВА А.О., ЖАЕВА Р.Р.	Ғалым Қ. Жүсіп еңбектеріндегі әдеби көркемдік түр сипатының зерттелу ерекшеліктері	166
АЛИМБАЕВ А.Е.	Көне түркі жазба мұраларындағы «мәңгілік» мотивінің жырлануы	178
БӘШІРОВ Н.Қ.	Байбатыр Ержанұлының публицистикалық мақалаларындағы ағартушылық ұстаным	189
БУТЕЕВ Б.О.	Смех между Востоком и Западом: Абай Кунанбайұлы и Анри Бергсон	200
SULEIMENOVA ZH.A., GALYMZHANOV B.G.	Religious motifs comparative analysis of Zhusup Kopeyuly and Ahmed Yasawi works	208
ҚУАНЫШБАЕВА Н.А., САҒЛАМ С.	Алаш кезеңіндегі балалар әдебиетінің көркемдік-жанрлық жүйесі	217
ШАЛҒЫНБЕКОВА А.Б., АМРЕНОВ А.Д.	Ақын Мәжит Айтбаевтың поэзиясы	227

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

КАРЫБАЕВА С.Е., ЖҮНІСОВА К.Қ.	Білім беру үдерісіндегі семантикалық оқытудың рөлі: мәтіндермен жұмыс істеу стратегиялары, кезеңдері және әдістері	237
----------------------------------	--	-----

С.Е. КАРЫБАЕВА¹



*К.Қ. ЖҮНІСОВА²



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан^{1,2}
(e-mail: saj.e.k@mail.ru¹, kamshatik_84@mail.ru²)

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ СЕМАНТИКАЛЫҚ ОҚЫТУДЫҢ РӨЛІ: МӘТІНДЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ, КЕЗЕҢДЕРІ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа. Қазақ тілін оқыту мәселелері тілдің қоғамдағы қолданылу көрінісімен, қазақ тілінің қазіргі ахуалымен, оның толығы, даму жолдары және жүйеленуімен, тілдің ішкі әлеуетін пайдаланумен тікелей байланысты. Сапалы білім беруде оқытушы аталған үдерісті басшылыққа ала отырып, әрбір тілдік тақырыптар бойынша өзіндік ерекшеліктеріне лайықтап тәрбиелік маңызы бар мәтіндерді талдату арқылы сабақтың мақсатына жетеді. Мақалада оқыту әрекеті (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) түрлерінің ішінен оқылымның өзектілігі, басымдылығы, оқылымды тиімді оқыту арқылы нәтижеге жету жолдары айтылады. Оқытуда семантикалық оқыту жүйесін пайдалану, оның стратегиясы негізінде мәтіндермен жұмыс істеудің кезеңдері жан-жақты талданады. Студенттердің мәтінді игеруіне қойылатын міндеттер, олардың сөйлеу әрекетін дамыту үшін сөздікті игертудегі оқытушының рөлі туралы айтылады. Сонымен қатар, лексиканы есте сақтауға және қолдануға бағытталған әдістемелік тәсілдер қарастырылады, бұл студенттердің сөздік қорын кеңейтуге және сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінде лексикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: оқылым, семантикалық оқу, мәтін, ақпаратты түсініп оқу, білім беру, оқылымды тиімді оқыту, қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту.

Кіріспе. Белгілі бір халықтың, ұлттың тілін үйренуде өзге елдің өкілі алдымен сол халықтың тіліндегі әлеуметтік қарым-қатынас ерекшелігіне назар аударады. Тіл үйренуді қарапайым қалыпты (стандартты) жағдаяттарды білдіретін диалогтар құрып, әлеуметтік белгілері бар сөздерден бастайды. Бұл, әрине, байланыс орнату, қарым-қатынасқа ұйытқы болу тәрізді өзіндік қызметі мен ерекшелігіне байланысты шетелдік студенттің тіл меңгеруге деген қызығушылығын арттыру маңызды мәселе. Аталған мәселені шешу үшін бүгінгі тәжірибе көрсеткендей, тіл меңгеру үдерісінде белсенді оқыту формаларын қолдану керек. Мәдениетаралық тілдесімді жүзеге асыруда диалогты ұйымдастыру, жағдаяттарды, проблемаларды анықтап, коммуникативтік мақсатқа жетудің құралдарын белгілеудің, қатысымға байланысты тіл үйренушілердің әрқайсысының мәртебесі, функциясын көрсетудің, сондай-ақ ресми және бейресми түрдегі диалогтық тілдесім әрекетін ұйымдастырудың жолдары қарастырылады. Қазақ тілін шет тілі ретінде меңгертудегі қарастырылып отырған диалог құрылымы меңгеру деңгейі бойынша жүйеленіп, коммуникативтік қарым-қатынастың негізгі құрылымдық типтері ажыратылады. Тіл меңгерудегі диалогтардың деңгейлік динамикасы рөлдік қатынасқа түсу арқылы

өмірлік жағдаятты модельдеумен біртұтас пайдалану, тіл үйрену үдерісінің тиімділігін арттырады. Аталған жұмыстар шетелдік студенттердің білімін көтеріп, сөйлеуге, тыңдауға ынталандырады, сонымен қатар, студенттердің өздерінің мүмкіндіктеріне сенімін нығайтады.

Сөйлеу әрекетінің (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) түрлерінің ішінен оқылым өзектілігі басымдық көрсетуде, ал оқылымды тиімді оқыту тілдерді оқытудың бүгінгі тәжірибесінде басты міндетке айналып отыр. Қандай да бір тілді үйренуде оқылым әрекетінсіз ешбір тілді меңгере алмаймыз. Оқылым әрекетін қолданбаған тіл үйренушінің сөйлеуінде, құрастырған сөз орамдарында әртүрлі қателер және жасандылық байқалып тұрады. Оқылым сөйлеу әрекетінің рецептивті түріне жатады. Себебі ол графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын қабылдай отырып, одан қажетті деректерді түсініп, сұрыптап алу, яғни, оқи білу тек оқу техникасын білу дегенді білдірмейді, сонымен қатар білім, білік және дағдыларды іс-әрекет пен қарым-қатынастың әртүрлі жағдайында қолдануды білдіреді, көптеген зерттеушілердің пікірінше оқу сөйлеу әрекетінің түрі ретінде және қарым-қатынастың жанама түрі ретінде, адамдардың көпшілігі үшін ең қажеттісі, әсіресе белгілі бір саланың білікті маманы боламын деген студенттерге қазіргі ақпараттық заманда ақпаратты түсіну, талдау, өңдеу аса маңызды. Осыдан оқуға үйретудің жаңа тәсілдерін әзірлеу қажеттілігі туындайды. Бүгінгі таңда оқытушы пәнді оқытуда тұлғалық, пәндік, метапәндік нәтижелерді қалыптастыруға бағытталған жаңа педагогикалық жағдаяттарды, тапсырмаларды құрастыра алу керек. Тіл сабақтарында метапәндік нәтижені қалыптастыру үшін ақпаратты түсініп (семантикалық) оқу маңызды болып табылады. Оқылым – тілді меңгерудің бір тәсілі, сөздік қорды дамытудың құралы. Ақпаратты түсініп оқу грамматикалық құрылымдарды есте сақтауға мүмкіндік беріп қоймай, меңгеріп жатқан тілде сөйлеуге және де айтылым әрекетін жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақалада мәліметті жинау, жіктеу, жалпылау, түсіндіру әдістерін қамтитын ғылыми сипаттау әдістер кешені пайдаланылды. Бұл ғылыми сипаттау әдістер кешені зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен сенімділігін арттыруға, мәліметтердің жүйелі және құрылымды болуына, сондай-ақ, олардың негізінде ғылыми қорытындылар мен ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді. Әрбір әдіс зерттеудің нақты мақсатына және міндеттеріне сәйкес таңдалып, қолданылды. Ғылыми сипаттау әдісі семантикалық оқытудың ұғымдық-терминологиялық аппаратының мазмұнын ашу, мәтінмен жұмыс істеу стратегиялары мен әдістерін теориялық тұрғыда сипаттау мақсатында қолданылды. Талдау және синтез әдістері арқылы семантикалық оқыту компоненттері анықталып, олардың өзара байланысы мен білім беру үдерісіндегі қызметі айқындалды. Салыстыру және жіктеу әдістері мәтінмен жұмыс істеудің дәстүрлі және семантикалық оқытуға негізделген стратегияларын салыстырып, олардың ерекшеліктерін, артықшылықтары мен шектеулерін анықтауға бағытталды. Нәтижесінде мәтінмен жұмыс істеудің кезеңдері (мәтіналды, мәтіндік, мәтінсоңы) мен әдістері жүйеленіп, семантикалық оқыту тұрғысынан құрылымдық модель ұсынылды. Жалпылау және жүйелеу әдістері зерттеу барысында алынған теориялық деректер негізінде негізгі ғылыми тұжырымдар қалыптастыруға мүмкіндік берді. Ал түсіндіру әдісі семантикалық оқытудың білім алушылардың мағыналық қабылдауын, мәтінді интерпретациялау қабілетін, сыни ойлау мен коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытудағы әлеуетін ғылыми негізде дәлелдеуге қолданылды.

Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен дәлдігін арттыру мақсатында логикалық құрылымдау және педагогикалық талдау әдістері қолданылды. Әрбір қолданылған әдіс зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес таңдалып, өзара сабақтастықта пайдаланылды.

Талқылау мен бақылау. Соңғы он жылдықта оқу және оқылымды оқыту саласындағы зерттеулер белсенді дамып келеді. Зерттеушілер сыни ойлауды дамыту қажеттілігіне және ақпаратты талдау қабілетіне назар аударады. Мысалы, С.Браун (2020) және М. Джонсонның (2018) еңбектері білім беру үдерісінде, әсіресе екінші тілді оқыту

контекстінде семантикалық оқудың маңыздылығын көрсетеді. Әмбебап оқу іс-әрекеттерінің тұжырымдамасында (Асмолов А.Г., Бурменская Г.В., Володарская И.А. және т.б.), көптеген әмбебап іс-әрекеттермен қатар, оқудың мақсатын түсіну және коммуникативтік міндетке байланысты оқудың түрін таңдау, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау, мәтінде көтерілген мәселе мен негізгі идеясын тұжырымдау сияқты түсініп (семантикалық) оқу әрекеттері бөлініп көрсетілген. Зерттеулер семантикалық оқу ақпаратты жақсырақ түсінуге және есте сақтауға ықпал ететінін көрсетеді, бұл әсіресе, ақпарат саны үнемі өсіп келе жатқан қазіргі әлемде маңызды. Семантикалық оқу мынаны білдіреді:

- Оқу мақсатын түсіну және мақсатына қарай оқу түрін таңдау;

Оқу мақсатын түсіну дұрыс оқу әдісін таңдауға және мәтіннің маңызды аспектілеріне назар аударуға көмектеседі. әртүрлі жанрдағы тыңдалған мәтіндерден қажетті ақпаратты алу;

- Негізгі және қосымша ақпаратты анықтау;

Әртүрлі жанрдағы мәтіннен маңызды ақпаратты бөліп көрсету қабілеттігі. Бұған мәтіннің негізгі идеясын қамтитын тірек сөздерді, сөз тіркестерін және сөйлемдерді табу мүмкіндігі;

- Кез келген стильдегі мәтіндерді еркін түсіну және қабылдау;

Мәтіннің әртүрлі стильдері мен жанрларына бейімделу, олардың ерекшеліктері мен талаптарын түсіну қабілеті;

- БАҚ тілін түсіну және барабар (адекватты) бағалау;

Мәтінді құрылымы, тілі және стилі бойынша сыни тұрғыдан талдау жатады. Бұл мәтіннің мақсаты мен мәнмәтінін жақсы түсінуге көмектеседі.

Семантикасын түсіну үшін мәтінді оқу ғана жеткіліксіз, ақпаратқа баға бере, мәтін мазмұнына көзқарасын білдіре алу қажет.

Білім алушылар бойында семантикалық оқу дағдыларын қалыптастыру үшін тілдерді оқыту әдістемесінде мәтіннен ақпарат алу сипатына қарай оқу түрлерін жіктеу ең көп тарағанын есте ұстаған жөн. Оқудың төрт түрі болатыны бәрімізге мәлім:

✓ Мәтінмен танысу мақсатында оқу. Оқудың бұл түрі мәтінді егжей тегжейлі талдаусыз тұтас қабылдауға бағытталған. Оқырман мәтіннің мазмұны туралы жалпы түсінік алуға тырысады. Бұл негізгі идеяны тез түсіну үшін үлкен көлемдегі ақпаратты оқығанда пайдалы.

✓ Мәтінге көз жүгіртіп қарап шығу арқылы оқу. Негізгі мақсат - мәтіннің тақырыбын немесе негізгі идеясын жылдам анықтау. Оқудың бұл түрі мәтіннің оқырманның қызығушылықтарына немесе ақпараттық қажеттіліктеріне сәйкес келетіндігін тез бағалау қажет болған кезде пайдалы.

✓ Нақты бір ақпаратты іздеу, табу мақсатында оқу. Оқырман мәтіннен белгілі бір ақпаратты немесе белгілі бір сұраққа жауап іздейді. Оқудың бұл түрі тапсырмаға байланысты тірек сөздерді немесе сөз тіркестерін ажыратуды қажет етеді.

✓ Мәтіндегі ақпаратты зерттеп оқу Мұндағы мақсат - бүкіл мәтінді және оның бөліктерін толық түсіну және түсіну. Оқырман мәтінді егжей-тегжей талдауға, негізгі идеяларды анықтауға тырысады. Оқудың бұл түрі күрделі мәтіндерді терең түсіну үшін қажет.

Мәтіндік ақпаратты қабылдау және оны коммуникативті-танымдық міндетке сәйкес өңдеу үшін әдістемелердің әртүрлі комбинациялары қолданылады, ал ғылыми әдебиеттерде бұл әдістер «семантикалық оқу стратегиялары» деп берілген. Семантикалық оқуды меңгеру үшін мәтінді түсінуге жеткізетін әдістерді білу қажет, сондықтан мәтінмен жұмыс істедің әрбір кезеңі белгілі бір мақсаттар мен міндеттерге жетуге бағытталған тапсырмалар түрлерін қамтиды.

Нәтижелер. Кестеде семантикалық оқу стратегиялары, әр кезеңнің мақсаттары және нәтижелері жинақталған.

Кесте 1 – Семантикалық оқу стратегиясы

Семантикалық оқу стратегиясы		
Ақпаратты іздеу және оқығанды түсіну	Трансформациялау және интерпретациялау	Ақпаратқа баға беру
Семантикалық оқу стратегиясын меңгеруде мәтіндермен жұмыс істеудің кезеңдері		
Мәтінді оқығанға дейінгі жұмыс	Мәтінді оқу үстіндегі жұмыс	Мәтінді оқығаннан кейінгі жұмыс
Ой тастау, ой толғау	Пайымдау (жүзеге асыру)	Рефлексия (ойлану)
Мәтінмен танысу мақсатында оқу	Мәтін мазмұнына көз жүгіртіп қарап шығу арқылы оқу (баяу, әдеби)	Рефлексивті оқу
- тақырыпты талдау - сызбаларды, диаграммаларды қарау - құрылымымен танысу - мазмұнымен / аннотациямен танысу - абзацтар бойынша оқу - маңызды ақпаратты көрсету - шартты графикалық белгілерді орналастыру	- семантикалық бөліктерді таңдау - детальдарды, контексті ашу - сұрақтар құрастыру - жоспарды, графикалық схеманы құрастыру	- тақырыпқа, иллюстрацияларға оралу - әңгімені қорытындылау - автор туралы мәлімет - шығармашылық тапсырмалар
Нәтиже	Нәтиже	Нәтиже
Антиципация механизмінің қосылуы (болашақта болатын жағдайды болжау)	Мәтінді интерпретациялау (мағынасын түсіндіре алу)	(Авторлық) ойды түсіну, өзінің интерпретациясына түзетулер енгізе алу

Мәтінмен жұмыс үш кезеңнен тұрады:

- ❖ Мәтінді оқығанға дейінгі жұмыс
- ❖ Мәтінді оқу үстіндегі жұмыс
- ❖ Мәтінді оқығаннан кейінгі жұмыс.

Егер мәтінмен жұмыс істеуді сыни ойлау технологиясы тұрғысынан қарастыратын болсақ, үш кезеңге бөліп көрсетуге болады:

✓ Бастапқы (даярлық) кезеңі – бұрыннан бар білімді белсендету, тақырыпқа қызығушылықты ояту, алдағы оқу материалын зерттеу мақсатын анықтау.

✓ Түсіну кезеңі – бұл кезеңде білім алушы мәтінмен тікелей жұмыс істейді, барлық жұмыс түрлері білім алушының әрекеттерімен (белгілеу, кесте құрастыру, күнделік жүргізу) байланысты болады.

✓ Рефлексия – мәтінге жеке көзқарас қалыптастыру, жаңадан алынған білімді ескере отырып, өзіндік пікірлерін қайта ойластыру.

Мәтінмен жұмыс жасаудың әр кезеңінің өзіндік стратегиялары бар. Семантикалық оқу дағдысын дамыту үшін қолданылатын мәтінді оқығанға дейінгі, оқу кезіндегі және мәтінді оқығаннан кейінгі кезеңдердегі тапсырмалар мен жұмыс түрлеріне тоқталайық.

Мәтінді оқығанға дейінгі жұмыс. Мәтінге дейінгі кезең семантикалық оқу дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады және мәтінді дұрыс қабылдауға негіз болады. Осы кезеңдегі жаттығулар мен әдістер білім алушыларды мұқият және мақсатты түрде оқуға ынталандырады. Бұл кезеңде білім алушыларды мәтінді қабылдауға дайындауға, олардың

бұған дейін жинаған сөздік қорларын еске түсіруге және тақырыпқа қызығушылық тудыруға баса назар аударылады.

Қазақ тіліндегі мәтінді толық және нақты түсіну үшін оқып үйренуден бастаған дұрыс. Бұл мәтіннен ақпаратты алу мен түсінуге көбірек көңіл бөлуге дағдыландырады. Оған мұқият оқу, мәтінді талдау арқылы ғана қол жеткізуге болады.

Мәтін сыртқы және ішкі құрылымдардың біртұтастығы болса, оның тілдік белгілерінің сыртқы түрі мен сөздің ішкі формасында өзара байланыс барын ескеріп мағынасына талдау жасаған жөн. Бұл әдіс мәтіннің мазмұнын түсінуге септігін тигізеді. Осындай тәсілмен мәтінді түсіну арқылы оқырман өзіне белгілі жазба стильдерді тани алады және оларды есінде сақталған аналогпен байланыстырады. Бұл өз кезегінде болжай білу арқылы тілдік қиындықтарды жеңуге мүмкіндік береді. Өйткені мәтіннің лингвистикалық формасы көптеген нәрселерден хабар беріп, түсінуге бағыттады.

Ішкі мазмұн – біртұтас концепт түріндегі мәтіннің мағыналық бедері. Одан ойдың желісі басталып, мазмұнның дамуына айналады. Ішкі мазмұнды түсіну – мәтіннің мағынасын болжай білумен тығыз байланысты.

Оқу нәтижесінде мәтінді толық және нақты түсініп, оны құрылымдарға бөліп алу қажет. Мәтінге дейінгі кезең оқылымды үйренуде маңызды орын алады. Бұл кезең оқылым процесіне дайындап, мәтінді түсіну стратегияларын анықтауға ықпал етеді. Яғни мәтінді оқуға дейінгі алдын ала тапсырмалар зейінді дамытудың және еркін, жүгіртіп оқудың тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Сондықтан студентті мәтінді түсініп оқуға үйретудегі тапсырмалар лингвистикалық және семантикалық деңгейлерді қамтуы керек.

Студенттердің мәтінді түсініп оқудағы тәжірибесі мен дағдысын мазмұнды болжай алуы арқылы да анықтауға болады. Өйткені мәтінді тапсырмалар алда оқылатын материалға кіріспе немесе дайындық ретінде көптеген ақпараттар беріп, не туралы болатына бағыттады. Соның нәтижесінде студенттер оқитын мәтінді болжап, ондағы ойды алдын ала түсінеді.

Болжай білу дағдысының негізінде мәтіннің құрылымын алдын ала түсіне алу жатыр. Оның екі қыры бар: сыртқы және ішкі. Сыртқы аспект, әдетте, тақырыптық және вербалды емес құралдардан (фотосуреттер, кестелер, графиктер, диаграммалар және т.б.) тұрады. Ал, ішкі аспект бұл мәтіннің композициясы. Ішкі аспект келесідей негізгі компоненттерге бөлінеді: тақырып, негізгі бөлім, қорытынды. Тақырып негізгі ақпаратты қысқаша береді. Негізгі бөлімде оқиғалардың реттілігі берілген. Бұл мәтіндік ақпараттың шоғырланған тұсының ең маңызды құрамдас бөлігі. Қорытынды әдетте салдарлар мен себептерге арналған. Демек, студенттер мәтіннің сыртқы түрі арқылы берілген мәтіннің идеясын ашатын ішкі түріне өтуі керек.

Мазмұнды болжау мәтіннің атауынан басталады. Оны оқып, аударғаннан кейін осы мәтінде не талқыланатынын анықтау керек. Сондай-ақ мәтіннің сыртқы пішініне сүйене отырып, болжам жасауға болады. Мұнда студенттер мәтін мазмұнының болжамдық нұсқаларын береді. Дегенмен, олардың жауаптарын нақтылау және түсіндіру үшін абзацтардың бірінші сөйлемдерін тізбектей оқып, мәтінде талқыланатын негізгі ойды атауды немесе мәтінді қалпына келтіруді ұсынуға болады.

Тірек сөздерді қабылдау: мәтіннен 4-5 тірек сөзді таңдау және олардың жаңа контексте қалай қолданылатынын туралы болжам жасау студенттерге сөздік қорын арттыруға және алдағы мәтінді осы тірек сөздермен байланыстыруға көмектеседі.

Тақырып бойынша мәтін мазмұнын болжау: тақырыпты талдау және иллюстрацияларды қарау студенттерге мәтін тақырыбы мен мазмұны туралы болжамдар жасауға көмектеседі. Бұл олардың мәтінге деген қызығушылығын оятады және оларға жоспар құруға көмектеседі.

Миға шабуыл: берілген тақырып бойынша ассоциациялар студенттерге мәтін тақырыбын өз білімі мен тәжірибесімен байланыстыруға мүмкіндік береді. Миға шабуыл студенттерге оқу үрдісіне белсенді қатысуға көмектеседі.

Мәтінді оқығанға дейінгі тапсырмалар студенттердің хабар жинақтау дағдысын қалыптастыруға үйретеді. Мысалы: сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіне алу, тілдік бірліктердің контекстуалдық мағынасын анықтау, грамматикалық формаларды ажырату, сөйлем құрылымдарын ұғыну, тіл байлығын арттыру, т.б.

Мәтінді оқу үстіндегі жұмыс. Бұл кезеңнің мақсаты – мәтінді түсіну және бағалау. Бұл кезеңнің негізгі міндеті – мәтінді толық қабылдауды қамтамасыз ету. Бұл кезеңде білім алушыны мәтінмен таныстырып, келесі сипаттағы тапсырмаларды пайдалана аламыз:

- ✓ Мәтінді өз бетінше оқу;
- ✓ Мазмұны бойынша негізгі ақпаратты (кім, не, қайда, қашан, қалай, не үшін жасады) анықтау. Бұл жаттығу оларға ақпараттың құрылымдық бөліктерін және негізгі ойларды бөлуге көмектеседі.

- ✓ Мәтінге тақырып таңдау немесе ұсыну. Студенттер мәтіннің мазмұнын толық сипаттайтын тақырып ұсына алады. Бұл жаттығу оларға мәтіннің негізгі идеясын тұжырымдауға септігін тигізеді.

- ✓ Мәтіндегі бос орындарды сөздікте берілген сөздермен толықтыру. Егер мәтінде бос орындар болса, студенттерге мәнмәтінге негізделген жетіспейтін сөздерді немесе сөз тіркестерін енгізу мүмкіндігі беріледі. Бұл жаттығу олардың мәнмәтінді түсіну және жетіспейтін ақпаратты қалпына келтіру қабілетін дамытады.

- ✓ Дұрыс/жалған мәліметтерді табу. Студенттерге мәтінге қатысты мәлімдемелер ұсынылады және олардың міндеті - оқығандары негізінде олардың дұрыс немесе бұрыс екенін анықтау. Бұл оларға мәтіннің мазмұнын жақсы есте сақтауға және сыни ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

- ✓ Суреттерді мәтіндегі сөйлемдермен сәйкестендіру;
- ✓ Кідіріс жасап оқу. Мәтін кідіру арқылы оқылады, оның барысында оқытушы білім алушыларға сұрақтар қояды. Олардың кейбіреулері ақпаратты қаншалықты бұрыс, дәл түсінгенін тексеруге, басқалары келесі үзіндінің мазмұнын болжауға бағытталады.

- ✓ Мәтінді оқып, жоспардың пунктін баяндау, логикаға сәйкес орналастыру;
- ✓ Мәтінде берілген ретімен сөйлемдерді орналастыру; Студенттерге мәтіндегі оқиғалардың немесе идеялардың логикалық реттілігін анықтау ұсынылады, бұл олардың ақпараттың құрылымдық бөліктерін талдау дағдыларын дамытады.

Мәтінді оқу үстіндегі жұмыс кезеңінде білім алушылар коммуникативті әмбебап оқу іс-әрекетін дамыту барысында өз пікірлерін тұжырымдап, берілген ақпаратты іздеуде бірлесе жұмыс жасайды. Сонымен қатар, әртүрлі мәтін түрлерімен жұмыс істей отырып, білім алушылар маңызды ақпаратты бөліп көрсету және ақпаратты ауызша саналы түрде жеткізу қабілеттерін жақсартады. Мәтінді оқу барысында жинақтаған мәліметтерді әртүрлі айтылымдарда қолдана білуге үйретеді.

Мәтінді оқығаннан кейінгі жұмыс. Мәтінді оқығаннан кейінгі жұмыс стратегияларының мақсаты - материалды әртүрлі жағдайларда пайдалану, оқуды өнімді коммуникациялық дағдылармен, атап айтқанда сөйлеу және жазумен біріктіру болып табылады.

Мәтінді оқығаннан кейінгі жұмыс барысында қолданылатын тапсырмалар:

- ✓ Оқылған мәтінде көтерілген мәселелерді талқылау. Студенттер мәтінде көтерілген тақырыптарды талқылай, өз пікірлерін білдіре және дәлелдей алады. Бұл ауызша қарым-қатынас пен сыни ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

- ✓ Рөлдік ойындар. Студенттер мәтіндегі кейіпкерлердің рөлдерін ойнап немесе мәтіндегі оқиғаларды қолдана отырып, өз диалогтерін құрай алады. Бұл олардың командада жұмыс істеу және үйреніп жатқан тілде өз ойын білдіру қабілетін жақсартады.

- ✓ Хат, эссе, шығарма, реферат жазу. Студенттер мәтіннің тақырыбы негізінде хат, эссе немесе жазбаша жұмыстың басқа түрін жаза алады. Бұл жазбаша мәтінді құрастыру дағдыларын дамытады.

- ✓ Егжей-тегжейлі жоспар құру;
- ✓ Мәтінді қайталау немесе одан әрі жұмыс істеу үшін графикалық сызбалар құрастыру. Бұл тапсырмалар оқылғаның жалғасын жасауды, мәтінге иллюстрация салуды,

пікір немесе шолу жазуды қамтуы мүмкін. Шығармашылық тапсырмалар студенттерге мәтіннен алынған ақпаратты белсенді қолдануға және оқып жатқан тілде сөйлеу және жазу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

✓ Шығармашылық тапсырмалар (рөлдік ойындар, жалғасын табу, сурет салу, аннотация жазу) синквейн. Бұл тек 5 жолдан тұратын тақырыптың немесе мәтіннің құрылымдық қысқаша сипаттамасының ерекше түрі. Студенттер синквейнді оқылған материал туралы қысқаша рефлексия жасау үшін қолдана алады. Бұл жаттығу оларға мәтін туралы өз ойлары мен әсерлерін қысқаша және нақты жеткізуге көмектеседі.

✓ Мәтінді мозайка, домино, пазлалармен ұсыну – деформацияланған мәтінді қалпына келтіру (мәтіннің мағыналық бөліктерін табу).

Сабақта мәтіннен кейінгі стратегияларды жүйелі түрде қолдану арқылы студенттерді диалог немесе монолог құру құралдарын тиімді пайдалана білу, негізгі синтаксистік құрылымдар мен морфологиялық формаларды коммуникативтік міндетке сәйкес ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану дағдылары қалыптасады. Бұл жаттығулар міндетті түрде дәрісханада орындалуы тиіс. Міне, осы сынды тапсырмалар жиынтығынан құралған мәтінді оқуда тіл үйренушілер ұсынылып отырған мәтінді толық түсінуге мүмкіндік алады.

Енді жоғарыда айтылған мәтінмен жұмыс кезеңдері барысында сабақта қолданылып жүрген тапсырмалар түрлеріне тоқталайық.

Мәтін мазмұны бойынша ақпараттық реферат жазу. Білім алушыларға ақпараттық рефераттың мағыналық бөліктері мен тілдік құрылымдары беріледі.

Кесте 2 – Ақпараттық рефераттың мағыналық бөліктері

Мағыналық бөліктері	Тілдік құрылымдар
Мәтіннің атауы	Мәтін қалай аталады? Мәтін қандай тақырыпқа арналады? Мәтін авторы кім не мәтін қандай ақпарат көзінен алынған?
Мәтінде көтерілген мәселе	Мәтінде не туралы айтылады? Мәтінде қандай мәселе қарастырылады \ көтеріледі \ талданады?
Мәтіннің мағыналық бөліктерінің қысқаша мазмұны	Мәтін бөліктен тұрады. Кіріспесінде не туралы айтылады? Келесі бөліктерінде не қарастырылады \ сипатталады \ баяндалады \ салыстырылады \ мысалдар келтіріледі, дәлелдейді
Автордың атап өткен негізгі мәселесі	Мәтінде ненің маңыздылығы туралы айтылған? Неге аса назар аударылған? Қандай мәселені ерекше атап өтеді?
Қорытынды	Автор қандай қорытындыға келеді? Мәселені шешудің қандай жолдарын ұсынады?

Мәтін мазмұны бойынша диалог құрастыру. Бағалау (дескриптор) парағын міндетті түрде ұсынамыз.

Кесте 3 – Бағалау парағы

Дескриптор парағы	0-40
Мәтін мазмұнын түсінуі	10
Мәтін бойынша жұбына 3 сұрақ қоюы	10
Сұрақтарға толық сөйлеммен жауап беруі, жауап беруде мәтін ақпараттарын қолдануы	10
Грамматикалық, стилистикалық қателердің болмауы, туынды зат есімдерді, болып келеді, болып саналады құрылымдарын дұрыс қолдануы	5
Сұхбаттасуда ұсынылған клишелердің қолданылуы: сіз қалай ойлайсыз; сіздің пікіріңізше,...; мен сіздің пікіріңізбен толықтай келісемін; кешіріңіз, бірақ мен басқаша ойлаймын; сіздің осы туралы ойыңызды білсем деп едім; өте құнды пікір айттыңыз	5

Мәтін тақырыбы бойынша ой толғау жазу. Білім алушының әрекеттерін, қойып отырған талаптарыңызды нақты көрсету арқылы білім алушының тақырып шегіндегі сөздік қорын нақты біле аласыз. Мысалға «Әкемнің отбасындағы рөлі» тақырыбын алып көрелік.

Білім алушының әрекеттері:

1. Көмекке берілген сөздермен танысу;
2. «Әкемнің отбасындағы рөлі» тақырыбында ой-толғау жазу;
3. Жазылым барысында теңеулер, эпитеттер, метафоралар, риторикалық сұрақтар пайдалану (120-180 сөз)

4. Ой-толғауда төмендегі сұрақтарды қамту:

- 1) Қазақ отбасыларында әкенің рөлі қаншалықты маңызды?
- 2) Сіздің әкеңіздің отбасындағы рөлі қандай?
- 3) Қазіргі таңда отбасындағы әкенің рөлі қалай насихатталып жүр?
- 4) Бала әкенің отбасындағы рөлін жете түсіну үшін не істеу керек?

Көмек беретін сөздер: асқар тауым, ержүректік, батылдық, сөзіне, ісіне адалдық, жомарттық, ақкөңілділік, салмақтылық, төзімділік, жігерлілік, ақылдылық, ұқыптылық, мейірімділік, балажандылық, имандылық, қырандай алғыр, сұңқардай өр, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, көк бөрідей қайсар, нардай төзімді.

Мәтін мазмұны бойынша кестені толтыру. Мәтінмен жұмыс кезіндегі өнімді тапсырма түрлерінің бірі. Білім алушылар аса қызығушылықпен орындайды.

Кесте 4

А) Ақпараттардағы негізгі түсініктерді тауып, алфавиттік тәртіпте жазыңыз.	
Ә) Мәтіндегі Сізге бұған дейін белгілі болған ақпаратты жазыңыз.	
Б) Сіз үшін жаңалық болған ақпаратты жазыңыз.	
В) Ақпараттар мазмұнын бір сөйлеммен жеткізіңіз.	
Г) Ақпараттардың негізгі мазмұнын сурет, схема, карикатура арқылы бейнелеңіз.	
Ғ) Ақпараттардан болашақта, өмірде қажет болар қандай түйін жасауға болады?	

Әр модульдің соңында талданған ақпараттар, мәтіндер негізінде сөздік картасын құрастырамыз. Сөздік картасының құрылымы кестеде берілген. Карта білім алушының сөздік қорын кеңейтеді және жаңа сөздерді қолдану негізінде грамматикалық тұрғыдан дұрыс, мазмұнды мәтін құрай білуге көмектеседі.

Кесте 5 – Сөздік картасы

Жаңа сөз	кесте
Жаңа сөздің мәтіндегі қолданысы	Кестені материалдың бетін түгел бастыра немесе гүл шоғырына ұқсатып та әшекейлейді.
Ассоциация	ою-өрнек, біз, ине, жібек жіп, алтын, күміс, мата, әшекейлеу, безендіру, асыл тастар
Синоним	көркемдеп тігу
Антоним	-
Анықтама	Кесте – бұл тоқыма сияқты сәндік қолөнерінің бір түрі.
Сөйлем	Анам кесте тігуді, сол сияқты тоқуды ұнататыны сонша, таң атқаннан кеш батқанға дейін осы іспен айналысып отыра береді.

Семантикалық оқу дағдыларын дамытуға бағытталған әртүрлі педагогикалық әдістерді қолдану келесі педагогикалық міндеттерді шешуге көмектеседі: студенттердің оқу мақсаттарын анықтау, өз көзқарастарын қорғау, мәтінді түсіну мәдениетін үйрету және оқуға деген оң мотивацияны сақтауға үйрету. Студенттер үшін бұл зияткерлік (салыстыру, талдау, себеп-салдарлық байланыстар орнату, ұғымдардың мазмұнын анықтау) және коммуникативті (тұжырымдау және сұрақтар қою, оқығанының мағынасын анықтау, топта жұмыс істеу) құзыреттерді игеру және дамыту мүмкіндігі болып табылады.

Қорытынды. Ақпарат оңай қол жетімді және тез өзгеріп отыратын қазіргі уақытта, түсініп оқу дағдылары білім алушыларға хабардар болуға, жаңалықтарды, ғылыми мақалаларды, әдеби шығармаларды және тағы басқаларды талдауға көмектесе алады. Сонымен қатар, олар бұл дағдыларды оқу, жұмыс және күнделікті өмірде пайдалана алады, бұл оларды қазіргі әлемде неғұрлым білікті және табысты етеді. Семантикалық оқу дағдыларын дамыту тек сөздік қорды және тілдік біліктілікті кеңейтумен ғана шектелмей, сонымен қатар, шынайы жағдайларда сәтті қолдануға болатын оқу және когнитивті дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді. үсініп оқу дағдыларын дамыту – білім беру үдерісіндегі аса өзекті мәселелердің бірі. Бұл дағды оқушының мәтінді жай ғана оқып шығуымен шектелмей, ондағы негізгі ойды, авторлық ұстанымды, көркемдік ерекшеліктерді және себеп-салдарлық байланыстарды терең ұғынуына мүмкіндік береді. Түсініп оқу қалыптасқан жағдайда оқушы ақпаратты талдай алады, оны өз тәжірибесімен байланыстырады және сыни тұрғыдан пайымдайды.

Түсініп оқу дағдыларын дамыту студенттердің сөздік қорын байытып, тілдік ойлау қабілетін жетілдіреді. Мәтіндегі жаңа ұғымдар мен көркем бейнелерді дұрыс қабылдау арқылы оқушының әдеби-эстетикалық талғамы қалыптасады, мәтін мазмұнына деген қызығушылығы артады. Әсіресе көркем шығармаларды оқыту барысында кейіпкер әрекетін, авторлық идеяны, тарихи-әлеуметтік контексті түсіну – студенттердің әдеби талдау жасау қабілетін арттырады. Сонымен қатар түсініп оқу дағдысы студенттердің өз ойын жүйелі жеткізуіне, пікірін дәлелдеуге, мәтін бойынша сұрақтарға саналы түрде жауап беруге ықпал етеді. Бұл дағды жазбаша және ауызша сөйлеу мәдениетінің дамуына негіз болады. Студент мәтінді терең түсінген сайын, оны өмірмен байланыстырып, алған білімін практикалық жағдайда қолдана алады. Осы тұрғыдан алғанда, түсініп

оқу дағдыларын дамыту – тек оқу сауаттылығын арттыру емес, тұлғаның танымдық белсенділігін, сыни ойлауын және рухани-мәдени деңгейін қалыптастыруға бағытталған маңызды педагогикалық міндет болып табылады.

Түсініп оқу дағдыларын дамыту ұзақ мерзімді құндылыққа ие және қазіргі қоғамның қиындықтарына сәтті төтеп бере алатын, білікті және білімді мамандарды қалыптастыруға ықпал етеді. Осылайша, мәтіндермен жұмыс істеу барысында семантикалық оқу қабілеттерін дамыту білім алушыларға аналитикалық, интерпретациялау (түсіндіру) және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Білім алушылардың алып жатқан білімі, қалыптастырып жатқан дағдылары оқу үдерісінде ғана емес, сонымен қатар өмірлік жағдайларда қолдана алулары талап етілетіні қазіргі уақыттың шындығы.

Семантикалық оқытудың басты рөлі – студенттердің мәтіндегі сөздердің, тіркестердің, сөйлемдердің және тұтас мәтіннің мағынасын түсінуге жетелеу. Бұл үдерісте ол тек ақпаратты қабылдаушы емес, мағынаны өз бетінше құрастыратын, авторлық ойды пайымдайтын белсенді тұлға ретінде қалыптасады. Нәтижесінде білім алушының түсініп оқу, логикалық ойлау, салыстыру, қорытынды жасау дағдылары жетіледі. Сонымен қатар семантикалық оқыту студенттердің сөздік қорын байытып, тіл мәдениетін дамытуда маңызды рөл атқарады. Сөз мағынасын контекст арқылы анықтау, көпмағыналы сөздер мен бейнелі тіркестерді тану студенттердің тілдік құзыреттілігін арттырады. Әсіресе әдеби мәтіндермен жұмыс барысында көркемдік тәсілдердің мағынасын ашу студенттердің эстетикалық қабылдауын қалыптастырады. Семантикалық оқыту білімді өмірмен байланыстыруға мүмкіндік береді. Студент мәтіндегі ойды өз тәжірибесімен салыстырып, алған ақпаратын түрлі жағдаяттарда қолдана алады. Бұл білімнің ұзақ мерзімді есте сақталуына және функционалдық сауаттылықтың дамуына ықпал етеді.

Қорытындылай келе, семантикалық оқыту білім беру үдерісінде студенттердің танымдық белсенділігін арттырып, түсініп оқу дағдыларын қалыптастыратын, тұлғаның интеллектуалдық және рухани дамуын қамтамасыз ететін маңызды педагогикалық құрал болып табылады.

Әдебиеттер

1. Кәрібаева С.Е., Жұмаділова М.Н., Жүнісова К.Қ. Қазақ тілі (B2-1 ортадан жоғары деңгейіне арналған) оқу құралы. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 340 б.
2. Zhunisova K. Coverage in the periodical press of tsarist Russia of the colonial policy on the Kazakh land // Sci Herald Uzhhorod Univ Ser Phys. 2024; (55). – P. 2516-2524. <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=59197174200>
3. Karybaeva S. Historical Reality as an Integral System in the Context of the Development of Kazakh Culture and Islamic Traditions // Journal of Al-Tamaddun, 19(1). – P. 121–131. DOI: <https://doi.org/10.22452/JAT.vol19no1.9>
4. Zhumadilova, M. The training system of future social teachers in the conditions of social partnership // Scientific Herald of Uzhhorod University. Series Physics, 2024, (55). – P. 182–192 // DOI: 10.54919/physics/55.2024.18he2
5. Мәуленова Б.М., Кәрібаева С.Е. «Қазақ тілі. Тілдарын»: оқу құралы (B1). –Астана: Полиграф, 2014. – 290 б.
6. Мәуленова Б.М., Кәрібаева С.Е., Айтбаева Б.М. «Қазақ тілі. Тілдарын»: оқу құралы (B2). – Астана: Полиграф, 2016. – 355 б.
7. Мәуленова Б.М., Кәрібаева С.Е., Айтбаева Б.М. «Қазақ тілі. Тілдарын»: оқу құралы (C1). – Астана: Полиграф, 2016. – 288 б.
8. Кәрібаева С.Е., Мәуленова Б.М. «Қазақ тілі. Тілдарын»: оқу құралы (C2). –Астана: Полиграф, 2017. – 200 б.
9. Күзекова З. Қазақ тілінің функционалды практикалық грамматикасы. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015. – 180 б.

10. Карыбаева С.Е., Жумадилова М.Н., Жунисова К.К. Методы усвоения новой лексики на уроке казахского языка // Научный аспект №11-2023. – Самара, 2023. URL: <https://na-journal.ru/11-2023-filologiya-lingvistika/7220-metody-usvoeniya-novoi-leksiki-na-uroke-kazahskogo-yazyka>

11. Карыбаева С.Е., Жумадилова М.Н., Жунисова К.К. Эффективные методы и приемы развития языковой компетенции // Научный журнал «Обществознание и социальная психология». Выпуск №5 (49). – Краснодар: РИНЦ, 2023.

12. Карыбаева С.Е., Жумадилова М.Н., Жунисова К.К. Методы и стратегии развития навыков смыслового чтения // Научный аспект. №12-2023. – Самара, 2023. URL: <https://na-journal.ru/12-2023-pedagogika/7419-metody-i-strategii-razvitiya-navykov-smyslovogo-chteniy>

13. А. Әбілқажов. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Санат, 1995. – 120 с.

С.Е. КАРЫБАЕВА, К.К.ЖУНИСОВА

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

РОЛЬ СЕМАНТИЧЕСКОГО ОБУЧЕНИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ: СТРАТЕГИИ, ЭТАПЫ И МЕТОДЫ РАБОТЫ С ТЕКСТАМИ

Аннотация. Вопросы обучения казахскому языку напрямую связаны с проявлением использования языка в обществе, современным состоянием казахского языка, его наполняемостью, путями развития и систематизацией, использованием внутреннего потенциала языка. В качественном образовании преподаватель, руководствуясь данным процессом, достигает цели урока, анализируя тексты, имеющие воспитательное значение, со своими особенностями по каждой языковой тематике. В статье из видов учебной деятельности (аудирование, произношение, чтение, письмо) излагаются актуальность, приоритетность чтения, способы достижения результата путем эффективного обучения чтению. Всесторонне анализируются использование системы семантического обучения в обучении, ее стратегия, этапы работы с текстами при овладении стратегией семантического обучения.

В статье говорится о задачах, которые ставятся перед овладением новой лексикой студентами, о важной роли преподавателя в обеспечении усвоения словарем для развития речевой деятельности студентов.

Ключевые слова: чтение, семантическое чтение, текст, понимание информации, образование, эффективное обучение чтению, обучение казахскому языку как второму языку.

S.E. KARYBAEVA, K.K. ZHUNISSOVA

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

THE ROLE OF SEMANTIC LEARNING IN THE EDUCATIONAL PROCESS: STRATEGIES, STAGES, AND METHODS OF WORKING WITH TEXTS

Annotation. The issues of Kazakh language teaching are directly related to the manifestation of language use in society, the current state of the Kazakh language, its content, ways of development and systematization, the use of the internal potential of the language. In quality education, the teacher, guided by this process, achieves the goal of the lesson by analyzing texts with educational significance with their own features for each language topic. The article from the types of learning activities (listening, pronunciation, reading, writing) outlines the relevance, priority of reading, ways to achieve the result by teaching reading effectively. The use of semantic learning system in teaching, its strategy, the stages of working with texts in mastering the semantic learning strategy are comprehensively analyzed.

Keywords: reading, semantic reading, text, information comprehension, education, effective reading instruction, teaching Kazakh as a second language.

References

1. Käribaeva S.E., Jūmadilova M.N., Jūnisova K.Q. Qazaq tılı (V2-1 ortadan joğary deñgeine arnalğan) oqu qūraly. – Astana: L.N.Gumilev atyndağy EÜU, 2023. – 340 b.
2. Zhunisova K. Coverage in the periodical press of tsarist Russia of the colonial policy on the Kazakh land // Sci Herald Uzhhorod Univ Ser Phys. 2024; (55). – P. 2516-2524. // <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=59197174200>
3. Karybaeva S. Historical Reality as an Integral System in the Context of the Development of Kazakh Culture and Islamic Traditions // Journal of Al-Tamaddun, 19(1). – R. 121–131. DOI: <https://doi.org/10.22452/JAT.vol19no1.9>
4. Zhumadilova, M. The training system of future social teachers in the conditions of social partnership // Scientific Herald of Uzhhorod University. Series Physics, 2024, (55). – P. 182–192 // DOI: 10.54919/physics/55.2024.18he2
5. Mäulenova B.M., Käribaeva S.E. «Qazaq tılı. Tildaryn»: oqu qūraly (V1). – Astana: Poligraf, 2014. – 290 b.
6. Mäulenova B.M., Käribaeva S.E., Aitbaeva B.M. «Qazaq tılı. Tildaryn»: oqu qūraly (V2). – Astana: Poligraf, 2016. – 355 b.
7. Mäulenova B.M., Käribaeva S.E., Aitbaeva B.M. «Qazaq tılı. Tildaryn»: oqu qūraly (S1). – Astana: Poligraf, 2016. – 288 b.
8. Käribaeva S.E., Mäulenova B.M. «Qazaq tılı. Tildaryn»: oqu qūraly (S2). – Astana: Poligraf, 2017. – 200 b.
9. Kūzekova Z. Qazaq tılınıñ funksionaldy praktikalyq gramatikasy. Oqu qūraly. – Astana: Foliant, 2015. – 180 b.
10. Karybaeva S.E., Jumadilova M.N., Junisova K.K. Metody usvoenia novoi leksiki na uroke kazahskogo iazyka // Nauchnyi aspekt №11-2023. – Samara, 2023. URL: <https://na-journal.ru/11-2023-filologiya-lingvistika/7220-metody-usvoeniya-novoi-leksiki-na-uroke-kazahskogo-azyka>
11. Karybaeva S.E., Jumadilova M.N., Junisova K.K. Efektivnye metody i priemy razvitiya iazykovoi kompetensii // Nauchnyi jurnal «Obşestvoznaniye i sotsialnaya psixologiya». Vypusk №5 (49). – Krasnodar: RINS, 2023.
12. Karybaeva S.E., Jumadilova M.N., Junisova K.K. Metody i strategii razvitiya navykov smyslovogo chteniya // Nauchnyi aspekt. №12-2023. – Samara, 2023. URL: <https://na-journal.ru/12-2023-pedagogika/7419-metody-i-strategii-razvitiya-navykov-smyslovogo-cheniy>
13. A. Äbilqayev. Qazaq tilin oqytu ädistemesi. – Almaty: Sanat, 1995. – 120 s.

Авторлар туралы мәлімет:

Қарыбаева Саягүл Елтайқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, Астана, Қазақстан.

Қарыбаева Саягуль Елтаевна – кандидат филологических наук, доцент Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Karybaeva Sayagul Eltaykyzy – Candidate of Philological Sciences, Acting Associate Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Жүнісова Камшат Қуатқызы – филология ғылымдарының магистрі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің аға оқытушысы, Астана, Қазақстан.

Жунисова Камшат Куатовна – магистр филологических наук, старший преподаватель Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Zhunisova Kamshat – Master of Philology, Senior Lecturer of the Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Техникалық редакторлар: **М. Аманғазықызы, А.Т. Жұмсақбаев,**
Г.Қ. Қиарыстанова

Компьютерде беттеген: **Ж.Қ. Оспан**

Еуразия гуманитарлық институтының ХАБАРШЫСЫ. 2025. – 4.
– Астана: А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты.
– 250 б.

Жарияланған материалдар автордың көзқарасын білдіреді, олар журналдың редакциялық алқасының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Жарияланымдардағы деректер мен мәліметтердің дұрыстығына автор жауап береді.